

**«Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрық жобасына баспасөз-релизі**

«Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрық жобасы 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 61-бабына сәйкес әзірленді.

Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамды параметрлерін есептеу үшін қажетті Әлеуметтік-экономикалық даму болжамы бөлімдерінің құрылымын, көрсеткіштердің нысанын, тізбесін әзірлеу тәртібі мен мерзімдерін, оны әзірлеу кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа ұйымдардың өзара іс-қимыл жасау тетіктерін айқындайды.

Бұйрық жобасын қабылдау әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық теріс салдарға әкеп соқтырмайды.

Бұйрық жобасы «Электрондық үкімет» порталының ашық НҚА бөлімінде орналастырылды.